

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
ДББҰ Басқармасының
2024 жылғы 11 қаңтардағы шешімімен
бекітілді (№3 хаттама)
2025 жылғы «30» мамырдағы
(№23 хаттама) шешімімен енгізілген
өзгерістерге сәйкес

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ
АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана қ.

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Аккредиттеу кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Аккредиттеу кеңесінің мәртебесін, міндеттерін, қалыптастыру тәртібін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Аккредиттеу кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасын, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) басқару органдарының шешімдерін, осы ережені және ДББҰ-ның өзге де ішкі актілерін басшылыққа алады.

3. Аккредиттеу кеңесі – білім беру ұйымын аккредиттеу бойынша шешім қабылдау жөніндегі алқалы орган, ол өз қызметін осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастыруды ДББҰ-ның «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы қамтамасыз етеді.

2. Аккредиттеу кеңесінің негізгі міндеттері

5. Аккредиттеу кеңесінің негізгі міндеттері:

1) білім беру ұйымының қызметін сыртқы бағалау материалдарының аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін қарау;

2) білім беру ұйымын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

3) Эксперттер командасының білім беру ұйымы қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қарау

3. Аккредиттеу кеңесін қалыптастыру тәртібі

6. Аккредиттеу кеңесінің құрамы, Комиссия төрағасы мен Төрағаның орынбасары ДББҰ Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының ұсынысымен ДББҰ Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7. Аккредиттеу кеңесі кемінде 7 (жеті) мүшеден тұрады және оған Басқарма төрағасы не оның орынбасары, ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының жұмыскерлері кіреді. Сондай-ақ Аккредиттеу кеңесінің құрамына аккредиттеу саласындағы құзыретті мамандар мен шетелдік сарапшылар енгізілуі мүмкін.

8. Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастыру үшін ДББҰ Басқарма Төрағасының бұйрығымен Аккредиттеу кеңесінің мүшесі болып табылмайтын және дауыс беруге құқығы жоқ Аккредиттеу кеңесінің хатшысы тағайындалады.

9. Аккредиттеу кеңесінің мүшелері өз өкілеттіктерін тұрақты негізде жүзеге асырады.

10. Аккредиттеу кеңесінің мүшелері оның құрамынан өз еркімен шыға алады немесе оның құрамынан ДББҰ Басқарма Төрағасының шешімінен шығарылуы мүмкін.

4. Аккредиттеу кеңесі жұмысын басқару

11. Аккредиттеу кеңесінің төрағасы:

1) Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Аккредиттеу кеңесіне жүктелген міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді;

2) Аккредиттеу кеңесі қызметінің мәселелері бойынша ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен немесе еншілес ұйымдарымен, сондай-ақ физикалық және заңды тұлғалармен өзара іс-әрекеттерді атқарады;

3) Аккредиттеу кеңесі мүшелері арасында функционалдық міндеттерді үлестіреді;

4) Аккредиттеу кеңесінің отырысын өткізу күні мен күн тәртібін айқындайды, Аккредиттеу кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

5) Аккредиттеу кеңесінің атынан кеңестің қызметіне байланысты барлық құжаттарға қол қояды.

12. Аккредиттеу кеңесінің хатшысы:

1) отырыстардың ұйымдастырушылық-техникалық дайындығын қамтамасыз етеді;

2) отырыстардың күн тәртібін қалыптастыру жұмыстарын орындайды, Аккредиттеу кеңесінің отырыстарының күні, уақыты және орны туралы алдын ала хабарлайды және Аккредиттеу кеңесі мүшелеріне арналған таратпа материалдарды дайындайды;

3) Аккредиттеу кеңесі отырыстарының хаттамаларынан үзінділер береді;

4) Аккредиттеу кеңесі отырыстарының хаттамаларының түпнұсқаларын және оларға қатысты материалдарды ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес сақтайды;

5) үшінші тұлғаларға ДББҰ коммерциялық құпиясын және басқа да құпия ақпаратын жария етпейді;

6) Аккредиттеу кеңесі Төрағасының басқа да тапсырмаларын орындайды.

Аккредиттеу кеңесінің хатшысы отырыс хаттамалары мен олардан үзінділерді дұрыс рәсімдеуге жауапты болады.

5. Аккредиттеу кеңесі отырыстарын және хаттамаларды ресімдеу тәртібі

13. Аккредиттеу кеңесі өз қызметін қажеттілікке қарай өткізілетін отырыстар форматында жүзеге асырады және отырыс кворум болған жағдайда заңды болып есептеледі. Аккредиттеу кеңесінің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

Аккредиттеу кеңесінің мүшелері отырыстарға қашықтан бейнеконференция режимінде қатысуға құқылы.

14. Аккредиттеу кеңесінің төрағасы кеңес отырысын шақырады. Хатшы отырыстың күн тәртібін және білім беру ұйымын аккредиттеу бойынша басқа да тиісті материалдарды отырыс басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей Аккредиттеу кеңесінің мүшелеріне жазбаша түрде жібереді.

15. Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыс Аккредиттеу кеңесі мүшесінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

16. Отырысты өткізу тәртібі, мәселелер мен талқылаулар Аккредиттеу кеңесі отырысының хаттамасында көрсетіледі, оны хатшы жасайды.

17. Отырыс хаттамасы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ресімделеді және оған Аккредиттеу кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қояды. Аккредиттеу кеңесі отырыстарының хаттамаларын есепке алу және сақтау үшін Аккредиттеу кеңесінің хатшысы жауапты болады.

18. Аккредиттеу кеңесінің хатшысы отырыс хаттамасыны қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Аккредиттеу кеңесінің мүшелеріне отырыс хаттамаларының электрондық көшірмелерін жбереді.

6. Отырыстарды өткізу және шешім қабылдау тәртібі

19. Егер кворум жасау мүмкін болмаса, Аккредиттеу кеңесінің отырысы кейінге қалдырылады және бұл ретте ол екі апта ішінде өткізілуі тиіс.

20. Аккредиттеу кеңесінің төрағасы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға

қатыстыру үшін Аккредиттеу кеңесінің мүшесі болып табылмайтын адамдарды шақыруға құқылы.

21. Аккредиттеу кеңесінің шешімін талқылау кезінде мүдделер қақтығысы бар тұлғалар отырыс залынан шығып кетуге міндетті. Мүдделер қақтығысы бар адамдар туындаған мүдделер қақтығысы туралы Аккредиттеу кеңесінің төрағасын жазбаша хабардар етуге тиіс.

22. Аккредиттеу кеңесінің қаралған мәселелер бойынша шешімдері ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен (бейнеконференция режимінде қатысушылар, оның ішінде Аккредиттеу кеңесінің жұмысына қатысушылар санынан) қабылданады. Аккредиттеу кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Мүдделер қақтығысы бар адамдар дауыс бермейді.

23. Аккредиттеу кеңесі мүшелерінің дауыс беруі дауыс беру бюллетені нысанында ресімделеді.

24. Аккредиттеу кеңесі келесі мәртебелердің бірін бере отырып шешім қабылдайды:

– 5 жылға аккредиттеу. Мәртебе Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын аккредиттеу жөнінде нұсқаулықта қарастырылған (бұдан әрі – Нұсқаулық) барлық негізгі стандарттар толық орындалған немесе асып түскен жағдайда, ал қосымша стандарттар толық немесе ішінара (барлық критерийлерге бірдей сәйкес емес) орындалған жағдайда беріледі;

– кемшіліктерді жою туралы есеп бере отырып, шартты түрде 1 жылға аккредиттеу. Мәртебе Нұсқаулықта қарастырылған негізгі стандарттардың көпшілігі толығымен орындалған немесе асып түскен және Нұсқаулықта қарастырылған 1-5 негізгі стандарттар ішінара (барлық критерийлерге бірдей сәйкес келмейді) орындалған жағдайда беріледі. Білім беру ұйымы 6 ай ішінде кемшіліктерді жояды және дәлелдемелермен бірге есеп береді. Кемшіліктерді жою фактісі расталғаннан кейін аккредиттеу мерзімі (шартты аккредиттеу мерзімін қоса алғанда) 5 жылға дейін ұзартылады;

– эксперттер командасының қайта баруымен шартты түрде 1 жылға аккредиттеу. Мәртебе Нұсқаулықта қарастырылған 6-12 негізгі стандарттар ішінара (барлық критерийлерге бірдей сәйкес келмейді) орындалған жағдайда беріледі. Білім беру ұйымы 9 ай ішінде кемшіліктерді жояды, дәлелдемелермен есеп береді. Эксперттер командасы кемшіліктердің жойылуын ескере отырып бағалау (білім беру ұйымына барып) жүргізеді. Кемшіліктерді жою фактісі расталғаннан кейін аккредиттеу мерзімі 5 жылға (шартты аккредиттеу мерзімімен қоса алғанда) дейін ұзартылады. Қосымша бағалау бойынша шығындарды білім беру ұйымы көтереді.

– аккредиттеуден бас тарту. Аккредиттеуден бас тарту туралы шешім Нұсқаулықта қарастырылған негізгі стандарттардың 12-ден астамы ішінара орындалған (барлық критерийлерге сәйкес келмейтін) немесе білім беру ұйымының бір немесе одан да көп негізгі стандарттарға толық сәйкес келмеуі анықталған жағдайда қабылданады.

7. Аккредиттеу кеңесінің шешімдеріне шағымдану

25. Білім беру ұйымы Аккредиттеу кеңесінің аккредиттеу жөніндегі шешіміне ДББҰ-ның апелляциялық рәсімдеріне сәйкес белгіленген тәртіппен

шағым жасай алады.

8. Қорытынды ережелер

26. Осы ережемен реттелмеген мәселелер ДББҰ-ның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес шешіледі.

27. Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар ДББҰ Басқармасының шешімімен енгізіледі.